



АСТАНА

АҚШАМЫ

КЕНЕСАРЫНЫҢ БАСЫН ҚАЙДАН ІЗДЕЙМІЗ?

НЕМЕСЕ ТӨЛ ТАРИХ АҚТАҢДАҚТАРЫНЫҢ БІР ПАРАСЫ



Орталық коммуникациялар қызметінің кезекті брифингінде еліміздегі тарихи ескерткіштердің жай-күйі, Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына дайындық барысы жөнінде айтылып, жалпы тарихи-мәдени мұрамызға қатысты өзекті мәселелер қозғалды.

14 тарихи ескерткіш қалпына келтіріледі



«Қазқайтажаңғырту» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры **Қанат Тұяқбаевтың** мәліметінше, 2004 жылы Елбасы бастамасымен қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында 73 республикалық маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіш қалпына келтірілді. Ал, 2014-2016 жылдарға арналған үш жылдық жоспар бойынша 30-дан аса тарихи-мәдени мұрамен жұмыс атқарылып, солардың ішінде 14 ескерткіш биыл қалпына келтірілмек. Олардың арасында IV-VII ғасырларға жататын, байырғы сақ тайпаларының қасиетті орны – Бесшатыр қорғаны бар екен.

Астанада ортағасырлық қалалардың атымен аталатын Түркістан, Сауран, Сығанақ көшелері бар. Қанат Тұяқбаевтың айтуынша, осындай тоғыз

қала Қазақ хандығының маңызды орталықтары болған. «Солардың бірі – Сауран қаласы. Бұл қалада XV-XVII ғасырларда салынған тарихи-мәдени ескерткіштердің көпшілігі оқу орындары сипатында. Яғни, мешіт-медреселер. Сауран қаласының аумағындағы бұл мешіт-медреселер қалпына келтіріліп, ашық аспан астындағы музейге айналған. Сондай-ақ, Сығанақ қаласындағы мешіт-медреселер де қазір ашық аспан астындағы музей қызметін атқаруда» деді ол.

«Бабалар сөзін» бағалап, кенен тарихты түгендейтін сәт



Өткен ғасырдың басында, Қазан төңкерісінен тәуелсіз ел атанғанымызға дейін қазақ қараңғы, оқымаған халық деген сөзді санамызға орнықтыруға тырысқан күштер болды. Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры **Уәлихан Қалижанұлы** өз сөзін осыдан бастады.

«Кеңес одағы кезінде қазақ халқы екі пайызға ғана сауатты еді деп бізді тәрбиеледі. Егемендігімізді алғаннан кейін біз әлемдік өркениетте үлкен орны бар халық екенімізді көрсеттік» деген ол өзі басқарып отырған институт жинақтап шығарған «Бабалар сөзі» 100 томдығы қазақтың ежелден-ақ оқу-білім мәселесінде өзге жұртқа дес бермеген халық болғанын дәлелдейтінін айтып өтті. «Бұл теңдесі жоқ фольклорлық мұраның ішінде қазақ тарихы мен Қазақ хандығына қатысты үлкен дерекнамалар бар. Олардың бәрі жырмен, ертегілермен, аңыздармен, мәтелдермен көмкерілген. Осылардың бәрін халықтың кәдесіне жарату мәселесі бүгінгі заманның күн тәртібіне қойылып отыр» деп сөзін жалғаған У.Қалижанұлы «Бабалар сөзі» еңбегін негізге алып, тіл білімі саласында іргелі жұмыстар қолға алынғанын жеткізді.

«Бабалар сөзі» көптомдығына рухани мұрамыздың 25-30 пайызы ғана енген екен. Институт директорының айтуынша, бұл бағытта әлі де көптеген жұмыс атқару керек. «Авторлық әдебиет бар. Яғни, аттары тарихта қалған Сыпыра, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді сынды жырауларымыз бар. Бұлар қазақ тарихына қатысты, Қазақ хандығына қатысты сөздерді айтып, сол замандардың көркем бейнесін жасады. Осылардың бәрін «Замандар – ғасырлар үндесуі» дейтін серияға топтастырып, 100 том қылып

шығармақпыз. Қазір жобасы жасалды, тек қаржы көздері ғана іздестірілуде» деді ол бұл жөнінде.

Жалпы, Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорында бес мыңнан астам әдеби жәдігерлер бар екен. Қазіргі таңда оларды ғылыми айналымға түсіру өзекті мәселеге айналып отыр. Солардың арасында Абайдың, Шәкәрімнің, Бақырғанидің қолжазбалары сынды құнды мұралар табылады.

Алайда, институт өз қорында бар қолжазбалармен ғана жұмыс жүргізбей, тарихымызға қатысты деректерді өзге жерлерден, тіпті, шетел асып та жинақтау үстінде. Сондай құжаттардың бірі Душанбеден әкелінген екен. Бұл – Балқи дейтін парсы ғалымының қазақ тарихына, соның ішінде қыпшақтарға қатысты 500 беттен тұратын еңбегі. Осы еңбектің 5 нұсқасы ғана бар екен. Оның төртеуі – Санкт-Петербурда, біреуі Лондонда сақтаулы. Бірақ, бұл нұсқалар толық болмай шықты. «Кезінде Юдин деген ғалым осы еңбектен қазаққа қатысты 15 бетін алып, зерттеген. Ал, шындығына келгенде, санаға сілкініс келген уақытта, қандай халық екенімізді екшеп жүрген уақытта бұл еңбекті әлі де індете түсуіміз керек» деді У.Қалижанұлы.

Оның айтуынша, жойылу алдында тұрған қолжазбалар да бар. Бұл тарихи құжаттарды оған жеткізбей өңдеп, заманға сай электронды нұсқаға түсіру қажет.

Қасым хан жайлаған Сарайшық қалпына келтірілгені жөн



Тек қана құнды қолжазбалардан емес, ежелден ел болғанымызды дәлелдейтін кейбір көне қалаларымыздан айырылып қалуымыз мүмкін. Ондай алаңдаушылықты тарих ғылымының докторы, профессор **Зейнолла Самашев** білдірді. Мысал ретінде ол Қасым ханның тұсында Қазақ хандығының астанасы болған Сарайшық қаласын алып келтірді.

Хандық тарихы телехикая боп түсіріледі



Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған телехикаяны түсіру қолға алынғанынан жалпақ жұрт хабардар. Оның егжей-тегжейімен Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаментінің директоры **Ақтоты Райымқұлова** таныстырды. Оның айтуынша, 10 бөлімнен тұратын телехикая «Қазақ елі» аталады. Сценарий авторлары – белгілі жазушы Смағұл Елубай мен Тимур Жақсылықов Керей мен Жәнібек хандардан бастап Қасым мен Бұрындық хандарға дейінгі тарихи кезенді қамтуды жоспарлап отыр. Отандық және шетелдік мамандардан тұратын фильмді түсіру тобы да жасақталуда екен.

Кешегі «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Ақсақ құлан», «Қаңбақ шал» секілді мультфильмдерден кейін, отандық мультфильмдер өндірісі тұралап қалған еді. Шындығына келгенде, қазірде балдырғандарымыз шетелдік атыс-шабысқа негізделген мультфильмдердің көрермендеріне айналған. Әйтеуір, «Балапан» арнасының жұмыс істеп тұрғаны көңілге демеу. Осы тұрғыда ұрпақтың болашағына алаңдаған азаматтар мен ата-аналарды қуантып қояйық. Қазақ хандығының 550 жылдығы аясында 6 бөлімнен тұратын «Ел аманаты» анимациялық фильмін түсіруге дайындық жұмыстары басталды. Онда Керей мен Жәнібек хандардың жастық шағынан бастап таққа отыруына дейінгі кезең, әз-Тәуке, Абылай хан, Наурызбай, Қабанбай, Қарасай сынды батырлар мен Аңырақай шайқасы көрініс таппақ. «Аталған киножобалар ұлттық құндылықтарымыз бен ел тарихында өшпес із қалдырған тарихи тұлғаларымызды кеңінен таныстыра отырып, ұрпағымызға ұлттық-патриоттық тәрбие беруді көздейді» деді А.Райымқұлова.

Ханның басы Батыс Сібірде деген болжам бар



Тәуелсіздігімізді алған жылдардан бері ұлтжанды азаматтар қазақтың соңғы ханы – Кенесарының басын тауып, елге қайтару мәселесін көтеріп келеді. Қазақ хандығының 550 жылдығы тұсында бұл тіпті өзекті мәселеге айналып отыр. Ілкіде өткен брифингте осындай сұрақты мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековке қойған едік. Бұл сұрағымызға ол Өзбекәлі Жәнібековтің тапсырмасымен Санкт-Петербург қаласына барып, «Эрмитаждан» Кенесарының басын іздегенін айтты. Алайда, таба алмағанын, сондықтан ол жерден ханның басын іздеу еш нәтиже бермейтіндігін жеткізіп, сөзінің аяғын әруақты мазалаған жараспайтындығымен аяқтады.

Сейсенбі күні өткен брифингте бұл мәселе қайта қаузалды. Ол жөнінде сөйлеген Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры **Ханкелді Әбжанов** та Кенесарының басын Батыс Сібірден іздеу керек деген пікірін айтты. «Қазір біздің институт мемлекеттік қолдау аясында осы мәселе бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Кенесарының басы Мәскеуден де, Петербордан де табылмайтын сияқты. Ресейде ең қымбат дүниелерді сақтайтын «Мемлекеттік сақтау» деген бар. Кенесары ханның басы сол жерде болуы мүмкін деген болжам бар. Сондықтан, ханның басын Батыс Сібірден, Омбыдан іздеу керек деген тағы бір байламға келіп отырмыз. Биыл осы мәселе бойынша Петерборға да, Омбы мен Томск музейлеріне де жол түсті. Дерек бар, бірақ бас табылмай отыр. Жалпы, «Мемлекеттік сақтау» қорындағы жәдігерлерге қол жеткізуге ғалымдардың құзыры жүре бермейді. Оған мемлекеттік келісім жасалуы керек. Бірақ, Кенесарының басын іздеу жұмыстарын аяқтамаймыз» деді ол.

Сондай-ақ, ғалым Қазақ мемлекеттілігі күнін белгілеу туралы ұсыныс тастады. Оның айтуынша, Халықаралық қар күні сияқты мәні мен маңызы шамалы мерекенің қасында Қазақ мемлекеттілігі күнін атап өту қоғам санасында үлкен серпілісті туғызады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ